

"Қостанай қаласы білім бөлімінің №14 негізгі жалпы білім беретін мектебі"ММ

"Қазақстан-мейірімділік аумағы" Республикалық

балалар бастамасы шеңберіндегі іс-шаралар туралы» ақпарат

"Қазақстан – мейірімділік аумағы" балалар бастамасы шеңберіндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес 2020 жылдың сәуір айында 14 НЖБМ келесі іс-шаралар өтті, оған 125 оқушы қатысты. Өткізілген іс-шаралардың мақсаты: оқушылардың бойында мейірімділікті қалыптастыру, оқушылардың адамгершілік қасиеттерін дамыту; оқушылардың бойында қазақстандық патриотизмді, бейбітшілікті, ұлттық келісімді қалыптастыру, біздің Отанымыз туралы балалардың білімі мен түсініктерін тереңдету және кеңейту; өз елі, өз халқы үшін мақтаныш сезімін тәрбиелеу. "Қазақстан-мейірімділік аумағы" суреттер сайысына 6 сынып оқушылары қатысты, онда балалар мектепте, отбасында, табиғатта жақсылық бейнеленген суреттер салды.





"Қазақстан – Жақсылық аумағы" тақырыбында сынып сағаттары қашықтықтан және онлайн режимде өтті. Іс-шара барысында оқушылар мемлекетіміздің қалыптасу және даму тарихымен танысып, бейбітшілік пен ұлттық келісімді қалыптастырудағы қоғамның рөлін талдап, ұғына алды. Сынып оқушылары арасында Қазақстанның тарихын, оның түрлі саладағы көрнекті қайраткерлерін білуге викторина өткізілді. Оқушылар викториналық сұрақтарға белсенді жауап беріп, тапсырмаларды шығармашылықпен орындауға тырысты. Оқушылар "Жақсылық әлемді құтқарады" атты видеоролик көріп, Отан үшін жасаған игі істері туралы айтты.





Жоғары сынып оқушылары " Жақсылық бумерангы" бейнематериалын тамашалады. Бұл мейірімге үйрететін өте қызықты фильм. Ал жақсылық жасау үшін көп нәрсе қажет емес: біреуге көмек қолын созу, біреуге су беру, біреуді жолдан өткізу, ал біреуге күлімсіреу. Адамды іс бойынша таниды.

